

2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша бастауыш және орта кәсіби білімнің, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлаудың аймақтық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі II сайланған IX сессиясының 2001 жылғы 4 сәуірдегі Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 25 сәуірде N 329 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 21 маусымдағы N 598 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 21 маусымдағы N 598 х а т ы м е н

Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясы 86-бабының 4 тармағының 1 тармақшасына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Z980258_ Қазақстан Республикасы Заңы 3-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш және орта кәсіптік білімді одан әрі дамыту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.05.2000 ж. NN№721 P000721_ Қаулысына, "Білім" мемлекеттік бағдарламасына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес II сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. 2001-2005 жылдарға арналған жастарға бастауыш және орта кәсіби білім берудің, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлаудың аймақтық бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі шаралар бекітілсін, NN№1, 2 қ о с ы м ш а .

2. Бағдарламаны барынша сапалы іске асыру мақсатында Алматы қаласының Ә к і м і н е ұ с ы н ы л с ы н :

- Оқушылардың жастайынан кәсіби бейімделуін қамсыздандыру, бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен қабылдауды көбейту, бұрын жабылған 3 кәсіби мектепті қалпына келтіру;

- Жұмыссыз азаматтарды мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіби даярлау мен қайта даярлау сапасын арттыру үшін білім туралы заңнамаға сәйкес кәсіби оқу комбинаттарында, оқу орталықтарында, курстарда және жұмысшылар

даярлайтын өзге оқу өндірістік құрылымдарда жүргізілетін кәсіби оқыту талаптарын күшейту. Бұл құрылымдар білім қызметімен шұғылдану және оқу өндірістік процесін ұйымдастыру бойынша кәсіби білім ұйымдарына қойылатын талаптарға жауап беруге тиіс. Аталған азамат санаттарын кәсіби оқытуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру білім департаменті сарап комиссиясы қорытындысын ескере отырып жүргізілуге тиіс;

- Мемлекеттік тапсырысты бөлуге арналған байқау рәсімдерін өткізу кезінде жетімдер, мүгедектер қатарынан бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарының түлектерін әлеуметтік қорғауда қамсыздандыру және жұмыс орындарын квоталау механизмін іске асырудың, міндет талаптарының бірі ретінде жастардың жоғарыда аталған санатын жұмысқа орналастыру үшін байқау жеңімпаздарына жұмыс орындарын беру;

- Кәсіби білім мемлекеттік коммуналдық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жыл сайын бюджеттен күрделі жөндеуге, оқу және лабораториялық жабдықтарын алуға және "Интернетке" қосылуға қаражат қарастыру. Орта білім жүйесін қалпына келтіруді аяқтау мақсатында 2001 жылы бюджет қаражат есебінен бастауыш кәсіби оқу орындарын компьютерлендіруді аяқтау. Кәсіби білім оқу орындарын күрделі жөндеу жүргізу үшін беташар т і з і м г е е н г і з у ;

- Кәсіби оқу орындарына жедел басқаруға оқу алаңдарын тиімді пайдалануды талдау, коммуналдық меншікті басқару, басқару департаментімен ерекше жағдайларда бос оқу алаңдарын білім департаментімен, оның аудандық бөлімшелерімен, сондай-ақ білім ұйымдарымен нақ өзімен келісе отыра жалға беру ш а р т т а р ы н ж а с а у ;

- Кәсіби білім мәселесі бойынша аймақтық комиссияның тиімді жұмысын ұйымдастыру, осы мақсат үшін әкімшілік немесе білім департаменті жанынан үйлестіру секторын құруға қаражат бөлу;

- Кәсіби білімнің бұрыннан бап ұйымдарының базасында кәсіби мектеп пен лицей, колледж арнайы пәндерінің білікті кадрлары мен мектеп және мектепке дейінгі ұйымдардан еңбекке баулуы мұғалімдерін даярлау мен қайта даярлау;

- Кәсіби мектеп пен колледжінің базасында оқушылар үшін кәсіби білім

орталықтарын және педагогикалық кадрлар үшін оқу әдістемелік бірлестіктерін құру.

3. Осы шешімді орындалуын қадағалау ғылым және білім мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (Т.И.Есполов) және Алматы қаласының Әкімінің орынбасары Ә.Ж. Ыбыраевқа жүктелсін.

II сайланған Алматы қалалық

Мәслихаты ІХ сессиясының
төрағасы

ІІ сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

ІІ сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
4 сәуірдегі шешіміне
N№1 қосымша

2001-2005 жылдарға арналған жастарға бастауыш және орта
кәсіби білім берудің, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен
қайта даярлаудың аймақтық бағдарламасы
(Алматы қаласы)

Алматы, 2001

1. Кіріспе

Бұл бағдарламаны әзірлеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш және орта кәсіби білімді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" 15.05.2000 ж. N№721 P000721_ Қаулысы мұрындық
б о л д ы .

Бағдарламаны әзірлеу. Бастауыш және орта кәсіби білім саласындағы, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлау жүйесіндегі қалыптасқан ұйымдық-экономикалық мазмұндық-әдістемелік, құқықтық және әлеуметтік психологиялық қатынастардағы болған өзгерістер қажеттігінен
т у ы н д а д ы .

Бұл бағдарлама бастауыш және орта кәсіби білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау мен қайта даярлаудағы, "Білім туралы" Z990389_ Қазақстан Республикасының Заңының, " Халықты жұмыспен қамту туралы" Z010149_ Қазақстан Республикасының Заңы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасының ұйымдық негізін құрайды.

Бағдарлама 2005 жылға дейінгі мерзімге арналған Алматы қаласындағы бастауыш және орта кәсіби білім, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын анықтайды.

Бағдарлама бастауыш және орта кәсіби білімнің, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлаудың басты қырларын қамтиды, Алматы қаласындағы

білім берудің жоғарыда аталған нақты жәй күйіне баға береді, болашағын межелейді, кәсіби білім жүйесінің одан әрі даму басымдықтарын анықтайды және қойылған мақсатқа жету бойынша нақты шараларды мазмұндайды.

2. Алматы қаласындағы бастауыш және орта кәсіби білім, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің қазіргі жағдайының талдамы

Кәсіби білім ұлттық білім жүйесінің маңызды буының бірі болып табылады, ол жеке тұлғаны дамыту оның қабілетін ашу, кәсіби шеберлікті қалыптастыру және әлеуметтік қорғалуды қамсыздандыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға тиіс.

Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесі күрделі кезеңді - әлеуметтік-экономикалық реформалардың тереңдеу жағдайындағы бейімделу мен жұмысты қайта құру кезеңін өткеруде.

Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарының саны Алматыда 1996 жылға дейін тұрақты өсті. 1996 жылдың 1 қаңтарында Алматы қаласында бюджеттік қаражат есебінен 6000 оқушы оқыған 15 кәсіби мектеп пен лицейден және орта кәсіби білім алатын 8000 жуық маман даярлауды бюджет есебінен жүргізген 12 колледжден тұратын мемлекеттік кәсіби оқу орындарының желісі жұмыс істеді. 1997 жылдан бастап бастауыш кәсіби білім ұйымдарының мемлекеттік желісі қысқара бастады. 1.10.2000 ж. 15 кәсіби мектеп пен лицейден 11 кәсіби мектеп пен лицей (6 кәсіби мектеп, 4 кәсіби лицей, 1 арнайы кәсіби мектеп) және Алматы қаласы Білім департаментіне бағынысты 7,9 мың оқушы бюджет есебінен білім алатын 10 колледж қалды. 1999 жылы негізгі және орта білім беретін мектептер түлектерінің жалпы санының кәсіби мектептерге, лицейлер мен колледждерде оқуын жалғастырды. Соңғы 3 жылда бюджет қаражат есебінен кәсіби 11 пайызы ғана мектеп пен лицейге, колледжге қабылдау жоспары қысқарды және халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі көптеген жасөспірімдер әсіресе тұрмысы нашар және көп балалы отбасылар балалары үшін қолбайлауға айналды. Қаланың орта білім беретін мектептеріндегі еңбекке баулуды ұйымдастыруды талдау орта білім беретін мектептер түлектерінің тек 20 пайызы ғана кәмелеттік аттестатпен қоса еңбек нарығы талап еткен біліктілік деңгейіндегі мамандық алады. Олар негізінен кәсіби даярланбаған жастардың үлкен санымен толығады. Бүкіл әлемде бастапқы кәсіби баулудың тұрақты бағыты байқалуда. Әлемнің көптеген елдерінде орта білім жүйесі түлектерінің шамамен 70 пайызы кәсіби білім арқылы қандай да бір жұмысшы кәсібін немесе мамандығын алады.

Жыныстық-жастық, кәсіби, біліктілік тұрғысынан жұмыс күшіне сұраным

мен ұсыныстың сәйкессіздігі жұмыссыздықтың өсуінің басты себебінің бірі болып отыр. Ресми жұмыссыздық деңгейі 1.01.2000 ж. жағдайы бойынша халықтың экономикалық белсенді бөлімінің 2 пайызын құрады (10911 адам). Еңбек нарығындағы ахуал жасырын жұмыссыздықтың болуымен күрделене түсуі

Еңбек нарығындағы ахуалдың ушығуы, жұмыс орнының тапшылығы, жұмыспен қамтылмаған, біліктілігі жоғары жұмыс күші үлкен армиясының болуы кәсіби мен жұмыс тәжірибесі жоқ жастарды бәсекеге қабілетсіз етеді. Бұл бірінші кезекте еңбек нарығына алғаш рет тап болған жас адамдарға қатысты. Қазіргі уақытта еш жерде тіркелмеген жасөспірімдерді, оның ішінде 16 жасқа толмағандарды да жұмыспен қамту өзекті мәселе болып отыр. 9 сыныпты бітірген және оқу мен еңбекке тартылмай қалған оқушылар саны өсуде. Жастардың дербес табыс табуға бұрынырақ қосылу үрдісі байқалуда. Бұл, әдеттегідей, кәсіби даярлықты талап етпейтін, жұмыс берушілер талабынан әлеуметтік және құқықтық кепілдіктері жоқ қызмет, сауда саласындағы жұмыстар болып келеді.

1999 жылы Алматы қаласының тұрақты халқының орта жылдық саны 1132,4000 адамды құрады, қалаға соңғы жылдары кететіндер санының қысқаруы байқалуда. 1998 жылы кеткендердің саны 25,6 мың адам болса, ол 1999 жылы 18,3 мыңға дейін қысқарды сөйтіп, жүргізілген есептеме бойынша, көші-қон мен табиғи қозғалысты ескергенде 2005 жылы қала халқы 1168,5 адамға дейін көбейеді. Еңбек ресурстары 1999 ж. 769,5 мың адамды немесе қала халқының 67,9 пайызын құрады. Таяу жылдары халықпен еңбек ресурстары санының айтарлықтай өсуі күтілмейді, 2005 жылы соңғыларының саны 1,8 пайызға өседі. Қала экономикасы саласындағы 1999 ж. қорытынды бойынша оған 560,2 мың адам немесе 72,8 пайыз еңбек ресурсы қамтылды. Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Бағдарламаны, жұмыссыздарды қайта оқыту бойынша шараларды іске асыру және өзге де факторлар жұмыс істейтін халық санының біртіндеп өсуіне мүмкіндік береді. 2005 жылы жұмыс істеушілер саны 8,9 пайызға өсіп 613,6 мың адамды құрайды. Халықты жұмыспен қамту құрылымында халықтың 66,8 пайызы меншіктің барлық нысанындағы қаланың ірі, орта және шағын кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде жұмыс істейтін болады. Өз бетімен жұмысқа орналасқан халық 33,1 пайызды құрайды. Күтілетін жылы өз бетімен жұмысқа орналасқан халық санының өсуі 2005 жылға 0,7 пайызға - күтілетін жылы 23,2 пайызға жетеді деп күтілуде.

1999 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша қалада 16-30 жас аралығындағы 284,1 мың адам тұрады, ол халықтың жалпы санының 25 пайызын құрайды. Олардың 100 мыңнан астамы экономиканың әр түрлі саласында жұмыс

істейді. Шамамен осыншама адам өндірістен қол үзіп оқу орындарда оқиды. Қалған 40 мыңнан астам адам қоғамдық өндіріске тартылмаған.

Талдау көрсеткеніндей, қалада жоғары білімді мамандар өте көп. Жұмыс берушілердің жалданатын жұмыс күшіне талаптарды қатайтуы жоғары білімді жас мамандардың бір бөлігінің еңбек нарығындағы қажетсіздігін тудырып отыр. Сонымен қатар, белгілі еңбек нарығындағы жұмыспен қамту органдарына өтініш білдірушілер арасында жастардың үлес салмағы мардымсыз. Жұмыс іздеуге өтініш жасағандардың арасында оқу орындары түлектерінің үлесі 7 пайызға жуық. Бұлар негізінен жалпы білім беретін мектептер, жоғары оқу орындары, колледждер түлектері. Өтініш берушілер санының аз болуының негізгі себебі жұмыссыз ретінде тіркелуге қаржылық демеудің аздығы, жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі органдардағы бос жұмыс орындарын таңдаудың шектеулігі болып отыр. Сонымен қатар, инфрақұрылымының дамуы, нарық ауқымының кеңдігі жас адамдарға жұмысты өз бетімен табуына, жұмыстың әр түрлері арқылы тіршілік қаражатын табуға мүмкіндік береді. Еңбек нарығындағы бәсекелестік, тез және көп қаражат табу ниеті жастарды экономиканың бейресми секторында жұмыс іздеуге, білім мен дағдыны талап етпейтін қарапайым жұмысты орындауға, өзінің кәсіби мүмкіндігін жұмсауға итермелейді. Қазір жастар негізінен интеллектуалдық еңбекке ұмтылады, оны ұйымдастыруға және сипатына, жалақы деңгейіне жоғары талап қойылады. Жастардың еңбек нарығының бағыттарын талдау еңбекке орналасуда мамандығы мен жұмыс тәжірибесі жоқ, жиырмаға толмаған адамдардың қиындыққа тап болатынын көрсетеді. Еңбек нарығында соңғы жылдары жас жұмысшы күшіне сұранымның пайда болуына қарамастан, оның бір бөлігі мамандығы бойынша тәжірибесі мен дағдысының жоқтығына орай қажетсіз болып отыр.

Жастардың еңбек нарығындағы күрделілік қалаға республиканың басқа аймақтарынан ауыл жастарының қаптап келуінен болып отыр. Тіркемесіз, мамандықсыз жас адамдар экономиканың көлеңкелі секторында кездейсоқ жұмыстарға баруға, жұмыс берушілер тарапынан алдаумен зорлыққа ұшырауға мәжбүр, сондай-ақ қаладағы қылмыстық ахуалды ушықтырады.

Әлеуметтік-экономикалық тереңдеу нәтижесінде меншіктің әртүрлі нысанындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің үлес салмағының айтарлықтай өзгерісі болуда, бұл даярланатын кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне маңызды түзету енгізуге талап етеді. Нарық жағдайында шаруашылыққа көшу материалдық өндіріс пен өндірістік емес салалардағы бос орындарды қайта бөлуді соңғылардың пайдасына алып келеді.

Қаланың көптеген кәсіпорындарының тоқтауы немесе өндірістік қуаттардың қысқаруы салдарынан жұмыс істейтін халық сандарының үлесі төмендеуде. Кәсіп (мамандық) және біліктілік деңгейі бойынша бар жұмыс орындары мен

жұмыс күші арасында айтарлықтай сәйкессіздік бар. Қала экономикасы барған сайын шағын және орта бизнестің кәсіпорындарын құруға бағдарлана түсуде. Жұмыспен қамту құрылымы экономиканың жеке секторына қарай ойысты, онда қазір жұмыс істейтін халықтың 65 пайызына жуығы істеуде. Орта және шағын бизнес саласындағы жаңадан ашылған жұмыс орындары әзірше бұрынғы кеткендердің орнын толтыра алмайды. Еңбек нарығында жұмыс күшіне ортақ сұранымының төмендеу бағыты сақталуда. Нарықтық қатынастарға көшу кезінде жұмыс істейтін халықтың едәуір бөлігінің босауы кадрларды қайта даярлау, жұмыспен қамтылмағандарды еңбекке бейімдеу бойынша кешенді шараларды жүргізуді талап етеді.

Базалық кәсіпорындар әлеуметтік институтының таратылуына орай білікті кадрларды даярлау айтарлықтай қиындай түсті. Бұрын олардың есебінен құрылыс жүргізілетін, қондырғымен аспаппен және материалмен қамсыздандырылатын, түлектерді еңбекке орналастыру, кәсіпорындарда оқушылардың өндірістік оқу мен практикасын ұйымдастыру мәселесі ушыға түсті. Егер кәсіби мектеп пен лицей түлектерінің еңбекке орналастыру көрсеткіші қалада 100 пайыз болса, ал бұл көрсеткіш мемлекеттік колледждері де айтарлықтай төмен - 80 пайыз. Мемлекеттік емес оқу орындары түлектерді еңбекке орналастыру мәселесімен шұғылданбайды және еңбек нарығына қажет емес мамандардың үлкен бөлігін береді.

Еңбек нарығы мен білім қызметтеріндегі ахуал оқу орындарының еңбек нарығының мұқтажына көз қарасын жақсартуды талап етті.

Қазір кәсіби білім жүйесі алдында елеулі міндет - оқушыларды еңбек нарығында талап етілетін жаңа дағдылармен және қажетті біліктілікпен, шеберліктің үлкен деңгейімен, жұмыс іздеудегі икемділікпен және жинақтылықпен кәсіпкерлік дағдылармен қамсыздандыру қойылып отыр.

Сонымен қатар, қалада жұмыс берушілер мен кәсіби оқу орындарының арасындағы өзара байланыстың күшею бағыты қалыптасуда, олар тек практика үшін орын беру және артынша түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесімен шектелмейді. Кәсіпорындармен және фирмалармен шарт бойынша оқу бағасын толық немесе ішінара өтей отыра нысаналы оқу арқылы оқытуды қаржыландыруға қатысу, оқытуды демеу, түлектердің біліктілігін арттыру, кәсіби білім стандарттарын жасау, жұмыс берушілер пікірін ескеру (ұсыныс, тілек, пікір) орын алуда.

Қалада кәсіби-біліктілік тұрғысындағы еңбек ресурстарының қажеттілігін болжау институты жоқ. Еңбек нарығының мониторингін ұйымдастыру білікті кадрлардың қажеттілігін анықтау әдістемесінің жоқтығымен қиындай түсуде.

1999-2000 жж. орта кәсіби білім беймемлекеттік ұйымдары санының айтарлықтай өсуімен сипатталады. 1993 жылмен салыстырғанда олардың саны

14 есе өсіп, 1.11.2000 ж. 41 колледж болып отыр. Талдау көрсеткендей, беймемлекеттік оқу орындарының көпшілігі халық арасында танымал мамандықтардың шағын тізбесі бойынша мамандар даярлауға бейімделген. Атап айтқанда: құқық тану, қаржы, экономика, кеден ісі және т.б. Сонымен қатар, тізбеленген мамандықтар қазір еңбек нарығында аз талап етіледі.

Еңбек ресурстарын даярлауды реттейтін нормативтік-құқықтық база әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайына жауап бермейді және тежегіш фактор болып табылады. Жұмыс берушілерді жаңа жұмыс орнын ашуға, кәсіби білімді қолдауға ынталандыратын құқықтық механизм жоқ. Кәсіби бейімдеу қызметі жоқ. Сөйтіп кәсіби білім жүйесі қазіргі заңнамалық және нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуға, кешендік-құрылымдық-мазмұндық қ а й т а қ ұ р у ғ а м ұ қ т а ж .

Соңғы жылдары тәжірибелі кәсіби-педагогикалық қызметкерлер, әсіресе кәсіби мектептер мен колледждер өндірістік оқыту шеберлері жаппай кете бастады. Қалада қазіргі уақытта бастауыш және орта кәсіби білім үшін инженерлік-педагогикалық кадрларды даярлауға мамандандырылған жоғары оқу орындарының (факультеттердің) желісі жоқ.

Түлектердің жинақылығын арттыру үшін кәсіби білім ұйымдарында кәсіптер мен мамандықтар бойынша арнайы білім мен және дағдымен қатар оқушыларда жалпы кәсіби, ең алдымен еңбекте компьютерлік техниканы қолдану, бағдарламалық қамсыздандыруды, "INTERNET" ауқымдық ақпарат желісінің мәліметтерін және т.б. пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, кәсіби мектеп пен лицейлерді, колледждерді компьютерлік техникамен қамсыздандыруды талдау көрсеткеніндей, NN 1,5,8,10 кәсіби мектепте N 16 кәсіби мектепте, NN№1 педагогикалық колледжде қажетті талапқа жауап беретін электронды есептегіш техникасының жеке базасы жоқ.

Бастауыш және орта кәсіби білімнің негізгі мәселесі - бюджет қаражатының жетіспеуі. Қазір бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарының қаржылық мұқтажы бюджет көздерінен 3/1 көлемде ғана қамсыздандырылады.

Сегіз жылдың бойында іс жүзінде қала бюджетінде бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарын күрделі жөндеуге қаражат қарастырылмайды, өндірістік оқытуды ұйымдастыруға, оқу-өндірістік базасын нығайту мен жетілдіруге қаражат бөлінбейді. Оқу орындарының қаржы жетімсіздігі жағдайында оқу орындарының бюджеттен тыс қызметін дамыту үшін қолайлы ахуал жасау қажет . Олардан түскен қаражат оқу-материалдық базасын нығайту мен дамытудағы бюджет қаражатының тапшылығын жабар еді.

Қалада еңбек ресурстарын даярлау мәселесі бойынша оқу орындары, биліктік әр түрлі органдары ведомстволар, жұмыс берушілер арасындағы өзара байланыс жүйесі бүгінгі күннің ақиқаты талап ететін әлеуметтік-әріптестік деңгейіне

к о ш і р і л м е г е н .

Кадрларға қажетті кәсіби-біліктілік деңгей сұранымын қанағаттандыру - бұл транзиттік экономика жағдайларына білім жүйесін бейімдеудің маңызды мәселесі. Осыған байланысты кәсіби білімнің жаңа ғылыми - әдістемелік базасын , атап айтқанда көтеріңкі деңгейдегі білім стандарттарын, кәсіби білім саласында инновациялық педагогикалық технологияны тәжірибелік-сынақтық әдістемесін, жаңа кәсіптермен мамандықтар бойынша оқу құжаттамасы мен оқу құралының жиынын әзірлеу, мемлекеттік тілдегі кәсіби-техникалық арнадағы пәндерді оқу-әдістемелік қамсыздандыру қажет.

Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесінің бүгінгі күннің әлеуметтік-экономикалық ақиқатына бейімделген күшті ғылыми-әдістемелік базасы жоқ. Осы мәселені нәтижелі зерттеу іс жүзінде жүргізілмейді, білім беру саласында инновациялық педагогикалық технологияны тәжірибелік-сынақтық енгізу әдістемесі, жаңа кәсіптер мен мамандықтар бойынша оқу құжаттамасының жиыны жоқ, мемлекеттік тілдегі кәсіби-техникалық арнадағы пәндерді оқу-әдістемелік қамсыздандыру жолға қойылмаған.

3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті

Негізгі мақсаттары :

Бастауыш және орта білім ұйымдары түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекелік қабілеттілігін, сондай-ақ ересек халықты кәсіби даярлау мен қайта даярлауды қамсыздандыру .

Оқушыларда қазақстандық патриотизм азаматтық, ізгіліктік және жалпы адамдық құндылықтар мұраттары негізінде жеке қасиеттерді қалыптастыру.

Негізгі міндеттері :

Бастауыш және орта кәсіби білімнің мемлекеттік жалпы міндеті стандарттарын әзірлеу және енгізу, оларды еңбек нарығындағы ахуал мен экономикадағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып жаңарту.

Бастауыш және орта кәсіби білімді қамсыздандыруды жаңарту.

Жасөспірімдер мен жастар, сондай-ақ ересек халық үшін бастауыш және орта кәсіби білімнің оңтайлылығын арттыру үшін жағдай жасау.

Бастауыш және орта кәсіби білімінің, орта кәсіби білімі бар жұмысшылар мен мамандарды даярлау мен қайта даярлаудың беймемлекеттік секторын қолдау.

Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесінде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру мен дамыту .

Бастауыш және орта кәсіби білім оқу орындарында кадрларды даярлау мен қайта даярлау мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Әлемдік білім кеңістігіне бастауыш және орта кәсіби білімді тарту үшін жағдай

ж а с а у .

Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесін нарықтық экономика жағдайына бейімдеу .

Білікті кадрларға сұраным мен ұсынысын сәйкестілігін қамсыздандыру.
Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарының оқу-материалдық базасын жетілдіру .

Бастауыш және орта кәсіби білімді ақпараттандыру.

Бастауыш және орта кәсіби білімді басқару жүйесін жетілдіру.

Тәрбие жұмысын жетілдіру, оқу мен тәрбие барысындағы бірлікті қамсыздандыру .

Жастардың қоғамдық ұйымдарын дамытуды қолдау. Жасөспірімдерді,

жастарды құқық бұзушылықтан, қылмыстан, бетімен кетушіліктен сақтандыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Аталған мақсаттар мен негізгі міндеттерге жету тиісті ресурстық қамсыздандыруды талап етеді, атап айтқанда:

тиісті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру;

бастауыш және орта кәсіби білімді жүйесін дамыту мен тиімді жұмыс істеуінің қаржылық экономикалық механизмдерін жетілдіру;

бастауыш және орта кәсіби білім жүйесін тиімді дамыту;

бастауыш және орта кәсіби білім жүйесі кадрларының даярлау мен қайта даярлау жүйесін дамыту және олардың біліктілігін жоспарлы көтеру;

оқу мен тәрбие барысын оқу-әдістемелік және ақпараттық қамсыздандыруды жақсарту;

оқытудың жаңа технологиясын енгізу;

материалдық-техникалық қамсыздандыруды жақсарту.

4. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру механизмі

4.1. Негізгі бағыттары.

Бастауыш және орта кәсіби білім қаладағы желісін кеңейту және жетілдіру.

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптары мен түлектерінің кәсіби мектептері де (лицейлерде), колледждерде кәсіби біліммен және оқумен барынша қамтуды қамсыздандыру.

Кәсіби білім оқу орындарының қайта бейімделуінің жүргізу, еңбек нарығының мұқтажына сәйкес бастауыш және орта кәсіби оқу орындарында

кәсіптер мен мамандықтар тізбесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру .

Жастарды, сондай-ақ ересек халықтарды даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен шұғылданатын сан-салалы мекеме ретінде кәсіби оқу - орындарын дамыту .

Еңбек нарығының, қосымша оқу орындарының саны мен құру болашағының мониторингін ұйымдастыру .

Жастарды еңбекке орналастыру бойынша белсенді шаралар жүргізу. Жұмыссыз халықты еңбекке орналастырумен шұғылданатын беймемлекеттік кәсіпорындарының белсенді ынтымақтастық.

Кәсіби ақпарат, кәсіби бейімдеу және кәсіби іріктеу жүйесін құру.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыссыз азаматтарды даярлау үшін байқауы негізінде білім ұйымдарын іріктеу.

Жастарға жеке кәсіпке, кәсіпкерлік қызметке жақсы даярлануына, шағын бизнеспен шұғылдану қабілетін сіңіруге мүмкіндік беретін кәсіби білімді, дағдылармен икемділіктерді алу үшін жағдай жасап отыр.

Жұмыс берушілерді міндетті қатыстыра және ғылымдағы, техникадағы, технологиядағы, экономикадағы жаңалықтарды ескере отырып, бастауыш және орта кәсіби білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын жаңарту.

Кәсіби білімнің үздіксіздігін, икемділігін және нұсқаулығын қамсыздандыратын осы заманға оқу-бағдарламалық құжаттаманы, оқу-әдістемелік жиынды жасау .

Мемлекеттік тілде кәсіби-техникалық арнаулы пәндерді оқу-әдістемелік қамсыздандыру .

Біліми-кәсіби бағдарламалар мен еңбек нарығындағы қажет кәсіптер мен мамандықтар бойынша оқу технологиясы мәліметтерінің аймақтық банкісін жасау және дамыту .

Жұмыссыз азаматтар мен халықты оқыту және жастарға кәсіби білім беру мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу ғылыми әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру .

Жастарға кәсіби білім беру жұмыссыз азаматтармен халықты оқыту мәселесі бойынша отандық және шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты дамыту.

4.2. Бағдарламаны іске асыру

Бағдарламаны іске асыруға жүйелі бақылауды қамсыздандыру мақсатында Алматы қаласы Әкімінің жанынан аймақтық комиссия құрылады, оның құрамына барлық әлеуметтік әріптестер өкілдері кіреді.

Бағдарламаның іске асыруға жедел басшылықты Алматы қаласының Білім департаменті жасайды .

Бағдарлама шаралары нысаналы бюджет қаражаты, демеуші ұйымдар, бірлескен халықаралық жобалар қаражатын пайдалану есебінен іске асырылатын болады.

5. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру мемлекеттік бюджетте қарастырылған қаражат шегінде жүргізіледі. Халықаралық ұйымдардың техникалық және гранттық көмегін, ұйымдар мен халықтың демеушілік көмегін тарту көзделіп отыр.

2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру үшін бюджет қаражатының есептемелік қажеттігі 3 млрд. 441 млн. теңгені құрайды (2001 жылғы бағалар мен тарифтер бойынша).

Бюджеттік қаржыландыру көлемі жыл сайын нақтыланатын болады.

6. Күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асырумен бастауыш және орта кәсіби білімнің қуаты мен ресурсы сақталатын және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін тиімді п а й д а л а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Бастауыш және орта кәсіби білім желісінің тұрақтылығы мен дамуы жасөспірімдер мен жастардың бастауыш және орта кәсіби білім алуына м ү м к і н д і к б е р е д і .

Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарын ресурстық қамсыздандыруды жақсарту жөніндегі шараларды қабылдау нәтижесіндегі мектеп жасындағы балаларды кәсіби білім мен қамтуға және кәсіби мектептердің, лицейлер мен колледждердің мемлекеттік жалпы міндеті стандарттарды орындауына мүмкіндік б е р е д і .

Білім ұйымдарында кәсіби даярлық деңгейін, сапасын қамсыздандыру жүйесін енгізу нәтижесінде олар әлемде мойындалған стандарттарға сай келетін б о л а д ы .

Қызмет саласын, кәсіби даярлық бағытын таңдау мәселесі бойынша жастарға арналған кәсіби бейімдеу қызметтерін кеңейту күтілуде, кәсіби оқыту мәселесінде жұмыссыз жастарды атаулы қолдау күшейтіледі.

Кәсіби даярлық, экономиканың барлық саласы үшін білікті жұмысшылар мен мамандар қажеттілігін анықтау механизмін белгілеу, нарықтық қатынас принциптерін енгізу, білім қызметтері нарығын сәйкестендіру саласында барлық субъектілердің өзара іс-қимылы нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі төмендейтін б о л а д ы .

Қаржыландыру көздерін тиімді іздеу бойынша шараларды қабылдау

нәтижесінде бастауыш және орта кәсіби білімді, жұмыссыз азаматтарды даярлау мен қайта даярлауды қаржыландырудың көп арнаулы жүйесі жасалатын болады.

Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарында тәрбие жұмысын күшейту

бойынша шараларды қабылдау нәтижесінде ұлттық және жалпы адамдық құндылықты негізінде жеке адамның қалыптасуы, дамуымен кәсіби ұшталуы үшін

жағдай жасалатын болады, жасөспірімдер мен жастар жасайтын құқық бұзушылық

саны, олардың қылмыс жасау және дөрекі тәртіп деңгейі төмендейді.

Басқару жүйесін ішкі қайта құру мен ресурстарды іштей қайта бөлу және ашық ресурстық қамсыздандыруды беру нәтижесінде кәсіби білім жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі артатын болады.

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты IX сессиясының
төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
4 сәуірдегі шешіміне
№2 қосымша

2001-2005 жылдарға арналған жастарға орта және

кәсіби білім берудің, жұмыссыз азаматтарды
даярлау мен қайта даярлаудың Аймақтық Бағдарламасының
іске асыру жөніндегі шаралар

1. Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдары желісінің
тұрақтандыру мен дамыту

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

1. Кәсіби білімнің Әкімнің 2001- Білім Жергілікті мемлекеттік ұйымдары шешімі 2005 жж. департаменті, бюджетте желісінің тұрақты білім және қарастырылған дамытуды қамсыздандыру, ғылым бөлімі, қаражат онда бюджет есебінен Экономика шегінде оқитындардың санын комитеті, арттыру қалалық қаржы басқармасы
2. Күрделі жөндеуге Мәслихаттың 2001- Білім Жергілікті қаражат бөлу жолымен шешімі 2005 жж. департаменті, бюджетте бастауыш және орта білім және қарастырылған кәсіби білім ғылым, қалалық басқармасы ұйымдарының материалдық қаржы қаражат техникалық базасын басқармасы шегінді, оқу нығайту орындарының жеке қаражат есебінен
3. Үздіксіз кәсіби Шарт Жыл Білім Жергілікті білімнің үдемелі сайын департаменті, бюджетте кешендерін жасау Экономика қарастырылған комитеті қаражат шегінде
4. Кәсіби білімнің БД ұдайы Білім Халықтың, беймемлекеттік бұйрығы департаменті жұмыс секторын дамытуға берушілердің жәрдемдесу қаражаты
5. Қаланың муниципалдық "Жұмыспен 2001- Білім Жергілікті шаруашылығы мен қамту 2005 жж. департаменті, бюджетте әлеуметтік саласы туралы" Экономика қарастырылған үшін кадр даярлауды ҚР Заңына, комитеті, қаражат арттыру Шартқа Еңбек шегінде сәйкес жұмыспен қамту департаменті
6. Жастар мен ересек Бұйрық Тұрақты Білім Жергілікті

халықты даярлаумен, департаменті, бюджетте
қайта даярлаумен Еңбек қарастырылған
және біліктілікті жұмыспен қаражат
көтерумен қамту шегінде, заңды
шұғылданатын сан департаменті және жеке
салалы мекеме тұлғалар
ретінде кәсіби түсімдері
оқу орындарын дамыту

7. Босаған ғимараттар, Әкімнің Жыл Білім және
тұрақ жайлар мен шешімі сайын ғылым бөлімі,
жаңа құрылыс есебінен білім
кәсіби білім оқу департаменті,
орындарының Коммуналдық
материалдық-техникалық меншікті
базасын ұлғайту басқару
департаменті
(келісім
бойынша)

8. Білім ұйымдарын жаңа Мәслихат Жыл Білім Жергілікті
қондырғымен, шешімі сайын департаменті, бюджетте
техникамен, жабдықпен қала ҚБ қарастырылған
және өзге оқу қаражат
құралдарымен шегінде, оқу
қамсыздандыру орындарының
жеке қаражат
есебінен

2. Жастарды жастайынан кәсіпке бейімдеуді қамсыздандыру

Н ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

9. Негізгі жалпы білім Әкімнің Жыл Білім және Жергілікті
беретін мектеп шешімі сайын ғылым бөлімі, бюджетте
түлектерін кәсіби білім қарастырылған
мектеп пен лицейде, департаменті қаражат

колледжде оқуын
жалғастыру жолымен
кәсіби біліммен барынша
қамтуды қамсыздандыру

шегінде,
мемтапсырыс

10. Кәсіби мектеп пен БД Жыл Білім Жергілікті
лицей, колледж бұйрығы сайын департаменті бюджетте
базасында еңбекке қарастырылған
бауланатын жоғары қаражат
сыныптағылар санын шегінде
арттыру
11. Педагогикалық БД Жыл Білім Жергілікті
саладағы колледждер бұйрығы сайын департаменті бюджетте
базасында қарастырылған
педагогикалық қаражат
сыныптарды ашу және шегінде
дамыту
12. Жастарды кәсіби Әкімнің 2002 ж. Білім Жергілікті
бейімдеу бойынша шешімі департаменті, бюджетте
кеңес беру нүктелерін Еңбек қарастырылған
күру жұмыспен қаражат
қамту шегінде,
департаменті, мемтапсырыс
білім және
ғылым бөлімі,
қаржы
басқармасы
13. Педагогикалық Әкімнің 2001- Білім және Жергілікті
колледждер базасында шешімі 2002 жж. ғылым бөлімі, бюджетте
оқу алдындағы білім қарастырылған
даярлықты ұйымдастыру департаменті қаражат
шегінде

Н ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

14. Әлемдік тәжірибе мен Бұйрық Тұрақты Білім Жергілікті
еңбек нарығының департаменті, бюджетте
мұқтажына бейімделуді ҚБАИ қарастырылған
ескере отырып кәсіби қаражат
білімнің мемлекеттік шегінде
жалпы міндетті
стандарттарын әзірлеу
мен енгізу
15. Еңбек нарығының Электронды Тұрақты Білім ҚБЖТО
талаптарына сәйкес каталог департаменті,
кәсіптер мен еңбек,
мамандықтар тізбесін жұмыспен
жасау қамту
департаменті
16. Еңбек нарығында Тізбе Тұрақты Білім Жергілікті
қажет кәсіптер, департаменті, бюджетте
мамандықтар бойынша ҚБАИ, ҚБЖТО қарастырылған
білім-кәсіп қаражат
бағдарламалары мен шегінде
оқу технологиясы
мәліметтерінің
аймақтық банкісін
құру және дамыту
17. Бағдарламалық Электронды Тұрақты Білім Жергілікті
педагогикалық каталог департаменті, бюджетте
құралдар ҚБАИ, ҚБЖТО қарастырылған
мәліметтерінің қаражат
банкісін құру шегінде
18. Бұрын даярлау Оқу 2001- Білім Жергілікті
жүргізілмеген, жаңа құжатта- 2003 жж. департаменті, бюджетте
кәсіптер мен масының ҚБАИ қарастырылған
мамандықтар бойынша жиыны қаражат

(қызмет көрсету,
экология, әлеуметтік
жұмыс, нарықтық
инфрақұрылым және
т.б.) оқу құжаттамасы
мен оқу құралдары
мен жиынын әзірлеу

шегінде

19. Кәсіби оқу БД Тұрақты Білім Жергілікті
орындарының оқыту бұйрығы департаменті, бюджетте
процесіне арнайы ҚБАИ, ҚБА қарастырылған
пәндер бойынша, қаражат
әсіресе мемлекеттік шегінде
тілдегі осы заманғы
оқулықтарды, сондай-ақ
компьютерлік, ғылыми
әдістемелік құралдарды,
оқу-әдістеме жиынын,
мультимедиялық
негіздер көрнекі оқу
құралдарын енгізу
20. Кәсіби мектеп пен БД Тұрақты Білім Жергілікті,
лицей колледждің бұйрығы департаменті, республикалық
басшы және инженерлік- ҚБАИ, РБАИ бюджетте
педагогикалық қарастырылған
қызметкерлерінің қаражат
даярлауды, қайта шегінде
даярлау мен біліктілігін
көтеруді қамсыздандыру
21. Кәсіби мектеп пен Әкімнің 2002- Білім және Жергілікті,
лицей, колледжге шешімі 2003 жж. ғылым бөлімі, республикалық
арналған және жалпы білім бюджетте
білім беретін департаменті, қарастырылған
мектептердің еңбекке Экономика қаражат
баулу мұғалімдерін комитеті шегінде,
даярлау желісін құру мемтапсырыс

22. Бастауыш және орта Әкімнің 2001- Білім және Жергілікті кәсіби білімнің шешімі 2003 жж. ғылым бөлімі, бюджетте базалық оқу-әдістемелік білім қарастырылған орталықтарын, департаменті, қаражат ҒОӘБ құру ҚБАИ, ҚБЖТО шегінде

23. Үздіксіз кәсіби білім Оқу- 2001- Білім Жергілікті жүйесінің іске әдістемелік 2002 жж. департаменті, бюджетте асыруды жиыны ҚБАИ қарастырылған қамсыздандыратын жаңа қаражат оқу-әдістемелік шегінде жиынын әзірлеу

24. Кәсіби білімді ұстауды БД Жыл Білім Жергілікті жетілдіру жөніндегі бұйрығы сайын департаменті, бюджетте бірлескен халықаралық ҚБАИ қарастырылған жобаларды іске асыру қаражат шегінде, инвестициялар

25. Кәсіби мектеп пен БД 2001- Білім Жергілікті лицейде, колледжде бұйрығы 2002 жж. департаменті бюджетте "Өз бизнесіңді баста қарастырылған және жетілдір" қаражат бағдарламасын оқыту шегінде, мемтапсырыс

4. Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесін басқаруды жетілдіру

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру !
! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

26. Бастауыш және кәсіби Әкімнің 2001- Білім Жергілікті білімді басқарудың шешімі 2002 жж. департаменті, бюджетте ақпараттық жүйесін білім және қарастырылған енгізу ғылым бөлімі, қаражат ҚБЖТО шегінде, мемтапсырыс

27. Кәсіби оқыту сапасынан БД 2001- Білім Оқу
аудит қызметін енгізу бұйрығы 2002 жж. департаменті, орындарының
ҚБАИ, ҚБЖТО жеке
қаражаты

28. Кәсіби білімнің Әкімнің 2001- Білім Жергілікті
қалалық оқу- шешімі 2002 жж. департаменті, бюджетте
әдістемелік кабинетін білім және қарастырылған
қалпына келтіру ғылым бөлімі, қаражат
қаржы шегінде
басқармасы

5. Әлеуметтік әріптестік институтын құру

Н ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

29. Құрамына кәсіби білім Әкімнің 2001 ж. Білім Жергілікті
жүйесінің барлық шешімі департаменті, бюджет
әлеуметтік білім және
әріптестерінің өкілдері ғылым бөлімі,
енетін әкімнің жанындағы
аймақтық комиссияны
құру

30. Еңбек нарығының Бағдарлама Жыл Білім Жергілікті
мониторингін жасау бойынша сайын департаменті, бюджетте
бойынша жұмыссыздар Еңбек, қарастырылған
мен қолы бос халық жұмыспен қаражат
қатарынан кадрларды қамту шегінде
даярлау, қайта даярлау департаменті
бойынша бірлескен іс-
әрекет бағдарламасын
әзірлеу және іске
асыру

31. Кадрларға алдағы Талдамдық 2001- Білім Жергілікті
мұқтаждық туралы анықтама 2002 жж. департаменті, бюджетте
барлық мүдделі Еңбек, қарастырылған

тараптармен ақпарат	жұмыспен	қаражат
алысуды жүйелі жүргізу	қамту	шегінде,
және еңбек нарығын	департаменті,	жергілікті
болжау мәселесі	Экономика	инвестициялар
бойынша зерттеулерді	комитеті	
барлық әлеуметтік		
әріптестермен тең		
негізде ұйымдастыру		

32. Бос орындар Бағдарлама Жыл Білім
жәрмеңкесін өткізу бойынша сайын департаменті,
Еңбек,
жұмыспен
қамту
департаменті,

33. Жұмыссыз Әкімнің 2001 ж. Білім
азаматтарды даярлау шешімі департаменті,
мен қайта даярлауды Еңбек,
жүргізетін білім жұмыспен
нысандарының қамту
материалдық-техникалық, департаменті,
оқу-әдістемелік Шағын
базасын тексеру бизнес
мақсатында сараптама департаменті,
комиссиясын құру Прокуратура

6. Бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарының
оқушыларын әлеуметтік қорғау жүйесін құру

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

34. Тірек-қозғалыс жолдары БД Жыл Білім Жергілікті
бұзылған, көру және бұйрығы сайын департаменті бюджетте
есту қабілеті төмен қарастырылған
мүгедектерді оқыту қаражат
мақсатында мемлекеттік шегінде
тапсырыста орналастыру

үшін колледждер
тізбесін анықтау

35. Бір кәсіби мектеп Әкімнің 2001- Білім Жергілікті
базасында мүмкіндіктері шешімі 2002 жж. департаменті, бюджетте
шектеулі адамдар үшін Еңбек, қарастырылған
қолайлы кәсіптерге жұмыспен қаражат
мүгедектерді қайта қамту шегінде
оқыту, кәсіби даярлау департаменті,
үшін арнайы бөлім ашу білім және
 ғылым бөлімі
36. Шағын кредиттеу Бірлескен 2001- Білім Жергілікті
бағдарламасы шегінде бұйрық 2005 жж. департаменті, бюджетте
жастар кәсіпкерлігін шағын қарастырылған
дамыту бизнес қаражат
 департаменті шегінде,
 инвестициялар
37. Колледж, кәсіби Әкімнің 2002- Білім Жергілікті
мектеп пен лицей шешімі 2003 жж. департаменті, бюджетте
түлектерін еңбекке Еңбек, қарастырылған
орналастыру қызметін жұмыспен қаражат
дамыту қамту шегінде
 департаменті,
 білім және
 ғылым бөлімі
38. Жазғы демалыс БД Жыл Білім Оқу
кезінде кәсіби білім бұйрығы сайын департаменті орындарының,
оқу орындары халықтың
оқушылары үшін уақытша жеке
жұмыс орнын ашу қаражаты

7. Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесін
қамсыздандырудың қаржы экономикалық механизмдерін дамыту

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

39. Орта кәсіби білімді мамандарды даярлау және жұмыссыз азаматтарды даярлау және қайта даярлау үшін мемлекеттік тапсырысты анықтау және орналастыру Әкімнің шешімі Жыл сайын Еңбек, жұмыспен қамту департаменті, Экономика комитеті Білім департаменті, бюджетте қарастырылған қаражат шегінде департаменті, Оқу орындарының жеке қаражаты Жергілікті бюджетте қарастырылған қаражат шегінде департаменті, Экономика комитеті

40. Оқушылар өндірісін құру БД бұйрығы Тұрақты департаменті Білім орындарының жеке қаражаты Оқу орындарының жеке қаражаты

41. Оқу өндірістік шеберханаларда өндірістік қызмет көлемін арттыру Есеп Тұрақты департаменті Білім орындарының жеке қаражаты Оқу орындарының жеке қаражаты

8. Бастауыш және орта кәсіби білім жүйесін ақпараттандыру

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру ! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

42. Бастауыш және орта кәсіби білім оқу орындарын ақпараттандыру бағдарламасын әзірлендіру Бағдарлама 2001 ж. ҚБЖТО департаменті, бюджетте қарастырылған қаражат шегінде Білім департаменті, бюджетте қарастырылған қаражат шегінде Жергілікті бюджетте қарастырылған қаражат шегінде

43. Мемлекеттік кәсіби мектеп пен лицейді компьютерлендіруді аяқтау Әкімнің шешімі 2001-2002 жж. ҚБЖТО, білім және ғылым бөлімі Білім департаменті, бюджетте қарастырылған қаражат шегінде Жергілікті бюджетте қарастырылған қаражат шегінде

44. Бастауыш және орта Әкімнің 2001- Білім Жергілікті
кәсіби білім оқу шешімі 2003 жж. департаменті, бюджетте
орындарын Интернет ҚБЖТО, білім қарастырылған
желісіне кезең бойынша және ғылым қаражат
қосуды қамсыздандыру бөлімі шегінде, жеке
қаражат
есебінен

9. Заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру

N ! Шаралар ! Аяқтау ! Орындау ! Орындауға ! Қаржыландыру
! ! нысаны ! мерзімі ! жауаптылар ! көзі

45. Кәсіби мектептер Әкімнің 2002 ж. Білім Жергілікті
(лицейде), колледждерде шешімі департаменті, бюджетте
жоғары сыныптағыларды білім және қарастырылған
оқыту үшін оқу- ғылым бөлімі, қаражат
материалдық базасын қаржы шегінде
пайдалануды реттейтін басқармасы
нормативтік құжаттарды
жасау

46. Кәсіби білім жүйесін ҚР Білім Тұрақты Білім
дамытуды қамсыздандыру және департаменті
мақсатында ҚР ғылым
заңнамасына өзгеріс министрлігіне
пен толықтыру енгізуге ұсыныс
түрткі болу

47. Оқу орындарының Әкімнің 2002- Білім
экономикалық шешімі 2003 жж. департаменті,
дербестігін кеңейтуге білім және
мүмкіндік беретін ғылым бөлімі,
нормативтік-құқықтық қаржы
базасын жасау басқармасы

48. Бастауыш және орта Әкімнің 2001 ж. Білім
кәсіби білім шешімі департаменті,
ұйымдарының әкімшілік- білім және

шаруашылық көмекші-оқу
және қызмет етуші
қызметшілерінің үлгілік
штаттық нормативтерін
әзірлеу мен бекіту

ғылым бөлімі,
қаржы
басқармасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты IX сессиясының
төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы